

Басқа мемлекеттер эмитенттерінің шығарған құнды қағаздарын Қазақстан Республикасындағы айналысқа жіберу туралы ЕРЕЖЕ

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 1996 жылғы 17 маусым N 53. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 14 тамызда N 192 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 3 маусымдағы N 205 ~V021901 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
Құнды қағаздар жөніндегі
ұлттық комиссиясының 1996
жылғы 16 маусымдағы
қаулысымен бекітілді

І. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының құнды қағаздар рыногындағы айналысқа басқа мемлекеттер эмитенттерінің шығарған корпоративті құнды қағаздарын жіберу ережелерін белгілейді. Шетел эмитенттері құнды қағаздарының басқа түрлері Қазақстан Республикасының аумағындағы айналысқа Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі - ҚҚҰК) арнаулы рұқсаты негізінде жіберіледі.

2. Қазақстан Республикасының аумағындағы айналысқа басқа мемлекеттер эмитенттерінің шығарған қағаздарын жіберу, осы құнды қағаздарды белгіленген тәртіппен ҚҚҰК Шетел эмитенттері құнды қағаздарының Мемлекеттік реестріне е н г і з у б о л ы п т а б ы л а д ы .

3. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің, Қазақстан Республикасы Президентінің "Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы" Заң күші бар Жарлығының нормаларына сәйкес жасалды. Құнды қағаздар рыногын реттеу жөніндегі мемлекетаралық келісімдер қабылданған жағдайда, Ереже қабылданған мемлекетаралық келісімдерге сәйкестендірілуге жатады.

4. Ережеде төмендегідей ұғымдар қолданылды:

- құнды қағаздар әкелу - Қазақстан Республикасының кеден туралы заңдарында қарастырылған барлық процедураларды сақтай отырып, Қазақстан

Республикасының кеден шекарасы арқылы құнды қағаздардың немесе құнды қағаздарды шығару жөніндегі құжаттардың (құжатсыз нысанда құнды қағаздар шығарғанда) физикалық орын ауыстыруы;

- өтінуші - Қазақстан Республикасының аумағында құнды қағаздарды орналастыруға ниет білдірген эмитент немесе оның өкілетті тұлғасы.

5. Басқа мемлекеттер эмитенттерінің шығарған құнды қағаздары Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы орын ауыстырған кезде, республикада қолданылып жүрген тиісті кеден туралы заңдарға сәйкес міндетті түрде декларациялық тексерістен өткізуге жатады.

II. БАСҚА МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЭМИТЕНТТЕРІ ШЫҒАРҒАН ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРДЫ АЙНАЛЫСҚА ЖІБЕРУ ТӘРТІБІ

6. Эмитент резидент болып табылатын елдің тіркеуші органдарында эмиссиясы тіркелген құнды қағаздар ҚҚҰК айналысқа жіберу процедурасына х а б а р л а н у ы м ү м к і н .

7. Басқа мемлекеттер эмитенттері шығарған құнды қағаздарды айналысқа жіберуге рұқсат алу үшін, ҚҚҰК төмендегідей құжаттарды ұсыну қажет:

- эмиссия сомасы, құнды қағаздардың саны мен түрлері, орналастырудың межелеген мерзімі мен көлемі, эмитенттің заңды мекені, эмитент заңды ұйым болып табылатын елдің органындағы мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі к ө р с е т і л г е н ө т і н і ш ;

- жарғы мен эмитенттің құрылтай келісім-шартының көшірмесін (немесе олардың орнына жүретін құжаттарды);

- эмитентті заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің к ө ш і р м е с і н ;

- эмитент резиденті болып табылатын елдің тіркеу органдарында осы шығарылған құнды қағаздар эмиссиясын тіркеу туралы куәліктің көшірмесін;

- құнды қағаздардың үлгілерін;

- материалдық сипатты емес үлгіде шығарылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес заңды ұйым ретінде тіркелген және депозитарлық іс-әрекет жүргізуге ҚҚҰК лицензиясы бар депозитариймен алдын ала жасалған келісім немесе депозитарлық келісім-шарттың көшірмесін;

- эмиссияның аудитор куәландырылған проспектісін немесе оның орнына жүретін басқа, құнды қағаздар шығару шартын ашатын және олармен инвесторларды таныстыруға арналған басқа құжаттарды;

- құнды қағаздарды құнды қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары арқылы орналастырғанда, осы тұлғаның құнды қағаздар рыногында кәсіби іс-әрекетін жүргізуге Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алған

лицензиясының көшірмесін, сондай-ақ құнды қағаздарды орналастыруға жасалған келісімнің көшірмесін ұсыну қажет;

- кеден декларациясының көшірмесін;

Құрылтай және басқа құжаттардың көшірмелері Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінде және орыс тілінде ресімделіп, нотариалды түрде к у ә л а н д ы р ы л а д ы .

8. Айналысқа жіберу үшін ҚҚҰК ұсынған құжаттар, ұсынылған сәттен бастап 30 күн ішінде қаралады. Құжаттарды түзету үшін өтінушіге қайтарған жағдайда және түзетілген құжаттарды ҚҚҰК қайтадан ұсынғанда, құжаттарды қарау мерзімі жаңадан есептеледі.

9. Жоғарыда көрсетілген барлық құжаттар мен эмиссия проспектісіне (немесе олардың орнына жүретін құжатқа) қол қойған эмитент-өтінушінің лауазымды адамы, осы құжаттардағы мәліметтердің анықтығы үшін, сондай-ақ құнды қағаздар айналысының ережелерін сақтау үшін заңда белгіленген тәртіппен ж а у а п б е р е д і .

10. Ұсынылған құжаттардың:

- осы Ереженің талаптарына сәйкестілігі;

- эмиссия проспектісінің (немесе оның орнына жүретін құжаттың) негізгі көрсеткіштерінің құрылтай құжаттарына сәйкестілігі талдауға жатады.

11. Ұсынылған құжаттар осы Ереженің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, олар түзетілу үшін өтінушіге қайтарылады, бұл туралы ҚҚҰК нақты дәлелдерді көрсете отырып, жазбаша түрде эмитентке хабарлайды.

12. Ұсынылған құжаттар осы Ереженің талаптарына сәйкес келсе өтінушіге құнды қағаздарының мемлекеттік реестрге енгізілгендігін растайтын және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес орналастыру мерзімдерін көрсете отырып, олардың Қазақстан Республикасының құнды қағаздар рыногындағы айналысына құқық беретін рұқсат (1-қосымша) беріледі.

Осы аталған құжатпен қатар өтінуші инвесторлар үшін шығару шартын ашатын, шнурланған, ҚҚҰК атқарушы аппаратының мөрімен бекітілген және басқа мемлекеттердің шығарып, Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа жіберілген құнды қағаздар реестрі бойынша нөмірі берілген эмиссия (немесе оның орнына жүретін құжаттың) проспектісінің бір данасын алады.

13. Құнды қағаздарын айналысқа жіберуге рұқсат алған өтінуші, құнды қағаздарын ашық түрде орналастыру кезінде:

- бұқаралық ақпарат құралдары арқылы төмендегілерді көрсете отырып, шығару туралы жариялайды:

а) эмитенттің мәртебесін, толық атауын және заңды мекенін;

ә) эмитент қызметінің түрін;

б) құнды қағаздар түрін, олардың шығарылу көлемін және Қазақстан

Республикасындағы орналасуын;

в) құнды қағаздарды таратудың басталу және аяқталу мерзімдерін;

г) өкілетті өкілінің атауы мен мекен-жайы, әлеуетті инвесторлар шығарылған құнды қағаздарды сатып алатын және эмиссия проспектісінің немесе оның орнына жүретін құжаттың мазмұнымен таныса алатын орынды немесе о р ы н д а р д ы ;

- эмиссия проспектісін немесе құнды қағаздарды сатып алушыларды жеткілікті мөлшерде хабардар ету үшін құнды қағаздарды шығару және орналастыру шартын жариялайды.

Осы шығарылған құнды қағаздардың барлық сатып алушыларын өтінуші толық және бірдей мәліметпен қамтамасыз етуге міндетті.

Шетел эмитенттерінің құнды қағаздарын айналысқа жіберуге ҚҚҰК рұқсатын алғанға дейін, оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жарнамалауға т ы й ы м с а л ы н а д ы .

14. Құнды қағаздарды орналастыру мерзімі аяқталғаннан кейін өтінуші бір ай ішінде ҚҚҰК құнды қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есеп беруге міндетті (2-қосымша).

Егер Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген мерзім ішінде ҚҚҰК ескертулер туралы хабарламаса, онда құнды қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есеп берілген күннен кейінгі күннен бастап, осындай орналастыру жөніндегі есеп бекітілген болып саналады.

15. Құнды қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепке қол қойған лауазымды адам, ондағы мәліметтердің нақты болуы үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауап береді.

III. БАСҚА МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЭМИТЕНТТЕРІ ШЫҒАРҒАН ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУҒА РҰҚСАТ БЕРУДЕН БАС ТАРТУ ЖӘНЕ ТЫЙЫМ САЛУ

16. ҚҚҰК төмендегідей жағдайларда, басқа мемлекеттердің эмитенттері шығарған құнды қағаздарын орналастыруға рұқсат беруден бас тартуға және т ы й ы м с а л у ғ а қ ұ қ ы қ т ы :

а) жіберу процедураларының өтуі үшін ұсынылған құжаттардағы мәліметтер осы Ереже мен Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының талаптарына сәйкес келмесе;

ә) құнды қағаздар шығару туралы ұсынылған ақпараттардың мазмұнындағы мәліметтері анық болмаса;

б) құнды қағаздарды орналастыру барысында инвесторлардың материалдық мүдделеріне елеулі түрде қатысты және тиісті ақпараттардың қосымша

жариялануын талап ететін жаңа шарттар туындағанда;

в) құнды қағаздар эмиссиясының процесінде эмитенттің жіберген заң бұзушылықтары туралы эмитент резидент болып табылатын елдің мемлекеттік органдарының ресми ақпараттары ҚҚҰК келіп түскенде;

г) егер құнды қағаздарды орналастыру шетел эмитенттерінің құнды қағаздары инвесторларының құқықтарын жүзеге асырудың белгілі тұтқасын қ а р а с т ы р м а с а .

17. Құнды қағаздарды айналысқа жіберуге тыйым салынған жағдайда, өтінуші жіберілген кемшіліктерді жоюға міндетті, содан кейін құнды қағаздарды орналастыру ҚҚҰК арнаулы жазбаша рұқсаты бойынша жалғастырылуы мүмкін.

18. Құнды қағаздарды айналысқа жіберуге тыйым салу туралы хабар өтінушіге жазбаша түрде жеткізіледі.

19. Егер өтінуші орналастыруға тыйым салуды негізсіз деп санаса, бұл шешім туралы сотқа шағым бере алады. Құнды қағаздарды орналастыру процесі сот органдарының шешімі шығарылғанға дейін тоқтатылады.

IV. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

20. Басқа мемлекеттердің эмитенттері шығарған құнды қағаздарды орналастыруды эмитенттің өзі немесе ҚҚҰК лицензиясын алған эмитенттің өкілетті тұлғасы-құнды қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушысы жүзеге асырады. Болашақтағы орналастыру туралы әдейі жалған немесе шатастыру үшін ақпараттар ұсынған немесе құнды қағаздар туралы анық емес, жалған мәліметтері бар жарнама жарияланғаны үшін өтінуші Қазақстан

Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауап береді.

21. Шетел эмитенті елінің тіркеуші органдарымен ынтымақтасу қажеттілігі туындаған жағдайларда, аталған орган мен ҚҚҰК арасында ынтымақтастық және өзара көмек туралы тиісті құжаттарға (келісім-шарттарға, келісімдерге, меморандумдарға) қол қойылады.

22. Осы Ереже талаптары бұзылғанда Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауап беріледі.

1-қосымша

Қазақ және орыс
тілдерінде

Қазақстан Республикасының аумағындағы

айналысқа шетел эмитенттерінің шығарған
құнды қағаздарын жіберуге
N _____ РҰҚСАТ

Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық
комиссиясы республика аумағындағы айналысқа

(тіркеуші органның атауы, оның мекен-жайы)

_____ тіркелген.

(эмитенттің толық атауы, заңды мекен-жайы)

құнды қағаздарының төмендегі түрлерін жібереді:

рет| құнды қағаздар| саны |эмитент елінің валютасындағы|сомасы|коды

	түрі		номинал		
1.					
2.					
3.					

Эмиссияның жалпы көлемі _____, жарғылық құны _____

Осы құнды қағаздарды орналастыру құқығы 19 __ жылдың _____

_____ дейінгі мерзімге _____

(құнды қағаздар рыногының

_____ кәсіпқой қатысушысының атауы)

берілді.

Құнды қағаздар _____ үлгіде (негізде) шығарылды.

_____ эмиссия проспектісіне (немесе оның орнына
жүретін құжат) Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі
ұлттық комиссиясында 19 __ жылғы _____ болып тіркелді.

Ұлттық комиссия

Төрағасы _____

2-қосымша

Құнды қағаздарды орналастыру
қорытындылары туралы бір үлгідегі
ЕСЕП

1. Эмитенттің толық немесе қысқаша атауы _____
-
2. Пошталық (заңды) мекені _____
3. Айналысқа жіберуге рұқсат берілген дата және нөмірі _____
4. Айналысқа жіберілген құнды қағаздардың жалпы сомасы, түрлері және номиналы бойынша саны _____
5. Орналастырылған құнды қағаздардың көлемі _____
6. Шығару нысаны _____
(материалдық сипатты немесе материалдық сипатты емес. Егер эмиссия материалдық сипатты нысанда жүргізілген болса, онда құнды қағаздарды дайындауға берілген тапсырысты кім орындағаны көрсетілуі қажет; егер материалдық сипатты емес нысанда жүргізілсе - эмитенттің құнды қағаздары қозғалысының депозитарлық есебі жүргізілетін орын көрсетілуі керек).
7. Ашық орналастырылатын жағдайда: эмиссия проспектісінің немесе оның орнына жүретін құжаттың жарияланған күні мен орны _____
-
8. Құнды қағаздарды орналастырудың басталған күні _____
Құнды қағаздарды орналастырудың аяқталған күні _____
9. Құнды қағаздар үшін ақы төлеу жолдары:
- ақшалай қаражатпен _____ сомада;
- құнды қағаздар үшін ақы төлеу ретінде төленген материалдық қаражат _____ сомада;
- басқасы _____ сомада.
10. Құнды қағаздар бойынша проценттердің, дивидендтердің мөлшері _____
-
- Төлем аяқталған күн _____
11. Орналастыруды жүргізген өтінушінің толық атауы _____
-
-

Ескерту. Есепке бірінші басшы мен бас бухгалтер қол қояды және эмитенттің немесе өтінушінің мөрімен куәландырылады. Есепте Қазақстан Республикасына әкелінген құнды қағаздардың түрлері, сондай-ақ тиісті кеден декларацияларын ресімдеу нөмірлері мен даталары бойынша көлемі туралы деректер болу керек.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК